

главного слова district к зависимому компоненту «какой район?» - рабочего класса. При полном переводе настоящего атрибутивного словосочетания необходимо опустить слово «класс» в силу стилистики русскоязычного новостного текста, и перевести как *один из рабочих районов Нового Орлеана*.

Как мы видим, при переводе атрибутивных конструкций необходимо учитывать характер семантических отношений внутри атрибутивного словосочетания. Перевод однокомпонентных и многокомпонентных атрибутивных словосочетаний требует от переводчика предварительного анализа лингвистического и экстралингвистического контекстов. При переводе таких конструкций имеют место как лексические, грамматические, так и комплексные виды трансформаций, что свидетельствует о достаточно трудоемком и сложном процессе перевода, целью которого является полный по смыслу и адекватный целевой текст.

### Список литературы:

- 1 Смирницкий, А. И. Лексикология английского языка [Текст] / А. И. Смирницкий. – М.: Издательство литературы на иностранных языках, 1956. – 260 с.
- 2 Бархударов, Л. С. Структура простого предложения современного английского языка [Текст] / Л. С. Бархударов. – М. : Высш.шк., 1966. – 200 с.
- 3 Кубрякова Е.С. Словосочетание как процесс номинации и его отличительные формальные и содержательные характеристики // Теоретические основы словосложения и вопросы создания сложных лексических единиц: Межвуз. сб. Пятигорск, 1988. 230 с.
- 4 Фирсов О. А. Перевод с английского языка на русский и его комментарий. М.: ЦАТ-Полиграф, 2009. 197 с.

УДК 81

Махат Г.

*аға оқытушы, Сулейман Демирел университеті, Қаскелең, Қазақстан*  
*[gul502@mail.ru](mailto:gul502@mail.ru)*

### САНДАРДЫҢ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ БЕЙНЕСІ

**Abstract.** Numbers play an important role in Chinese culture. Numbers in Chinese culture have a long history, about five thousand years. Numbers originally do not have any mystery, their basic function is to count. However, in Chinese historical and cultural background, people used to worship spiritual things using language, and numbers were supposed to bring people happiness and wealth, or disaster and misfortune, therefore, there will be good and bad numbers.

**Key words:** *Numbers, cognitive representation, culture*

Сандардың қытай мәдениетінде алатын орны ерекше. Сандар қытай тарихында өте ертеде яғни, осыдан шамамен 5 мың жыл бұрын пайда болған деп жазылады. Алғаш пайда болғанда сандар адамдардың санасында ешқандай құпиялыққа немесе ерекше бір тілсімділікке ие зат ретінде емес қайта заттардың санын білудің құралы ғана болып саналған еді. Алайда, кейін келе қытай халқының кейбір наным-сенімдеріне байланысты туындаған ырымдары қатарында сандарға байланысты ырымдарда көбейіп, сандардың мәдени мағыналық түсі қоюласа түсті. Демек, ежелгі заманда қытай халқы кейбір

сандарды адамдарға бақыт, байлық, жақсылық алып келеді деп сенсе, ал кейбір сандарды жамандықтың, сәтсіздіктің нышаны ретінде қабылдады. Сонымен бірге, ежелгі қытайлар сандарды да бүкіл әлемдегі тіршілік иелері сияқты жынысқа, яғни бір, үш, бес, жеті, тоғыз қатарлы тақ сандар еркек жыныстыға уәкілдік еткен, сонымен бірге оларды аспан атаның, қажымас қайраттың, еркектің символы ретінде қараған. Ал, екі, төрт, алты, сегіз, он сандары әйел яғни ұрғашы жыныстыға уәкілдік етеді деп қараған, сонымен бірге олар жер ананың, нәзіктіктің, әйелдің символы ретінде сипатталған. Сандардың дүниетанымдағы осындай тілсім бейнелері қытай тіліндеде көрініс тауып, сандарға байланысты сөздер мен сөз тіркестері пайда болып, қытай тілінің лексикалық қорын молайтып, мазмұнын байытқан. Төменде бүкіл сан атаулының негізі болған бірден онға дейінгі сандардың қытай тілі мен мәдениетіндегі алатын орны мен маңызын, мазмұнын саралап көрмекпіз.

### 1. «Бір» саны

Қытай халқы ежелден *бір* санын ерекше қастерлеген, олар *бір* бар тіршіліктің анасы, бастау қайнары деп білген, сондықтанда қытай тілінде бір деген ұғым “басталу”, “басы” деген сөздердің мағыналас сөзі ретінде пайдаланылады. Қытай философы Лау зыда өзінің «Лаузы» атты кітабінің 42-бабында “Даудан (Дауизмді айтады) бір туады, бірден екі, екіден үш, үштен бар ғалам туады” деп жазады. Қытай халқының міне осындай «бір» санына болған табыну, қастерлеу санасының арқасында қытай тілінде «бір» ұғымына қатысты сөздер мен сөз тіркестері молынан туындаған. Айталық, «Қазіргі қытай тілі сөздігінде» бірден бастау алатын сөздер 263 болса, «Мемлекет тілі» сөздігінде 346 ға жетеді, ал, «Қытай тілі» сөздігінде бірден басталатын сөздер 650 ге жетіп жығылады, сондай-ақ «Қытай идиом сөздігінде» бірден басталатын сөз тіркесі 426 дан асып жығылады.

### 2. «Екі» саны

Екі саны да қытай мәдениетінде жақсылыққа уәкілдік етеді. Күнделікті өмірде қытайлар әр заттың жұп-жұбымен болғанын жақсылықтың нышаны деп санайды. Сондықтан қытай тілінде екі сөзінен басталатын сөздер мен сөз тіркестерінің басым көбі жағымды мағынада қолданылады.

«Екі» немесе «жұп» сөзі қытай мәдениетінде өте жиі ұшырайды, бай мазмұнынға ие. Ежелгі қытай өлеңдерінің ұйқасы жұп болып келсе, сәулет-құрылыс және әсемөнер жағында, сондай-ақ халықтың қолөнеріндеде қос-қостан жобалау, жұп-жұбымен парлап жасау қытай халқында әдетке айланып, осы арқылы халық жақсылыққа деген тілектерін білдірген. Бұл тіпті қытай иероглифтеріндеде айқын көрініс тапқан. Мысалы, 囍 (xǐ) – той деген сөз қытай тіліндегі 喜 «жақсы көру» деген сөздің қайталап қосарлауынан туындаған. Осындай нанымдар негізінде қытайларда басқаға сый-сыбаға тарту еткендеде тақ емес, жұбымен тарту сыйлайтын салт-дәстүр қалыптасқан. сондай ақ «екі» немесе «жұп» сөзімен келетін сөз тіркестерінің көбісі жағымды мағынада болып келеді. Мысал келтіре кетсек, «Shuang shuang dui dui» - жұп жұбымен, тезек қабымен деген мағынада; «Shuang die gong wu» - жұбы жарасқан ғашықтарды суреттейтін сөз тіркесі; **(Чаң Жин иү. Қытай тілінің лексикасы және мәдениеті. Бейжин, 2009. 192б.)**

### 3. «Үш» саны

Үш саны қытай мәдениетінде бір мен екі сияқты жақсылық символы ретінде бейнеленеді, дегенмен ежелгі қытайларда үш санын нағыз тілсімнің нышаны деп санаған, олар бар ғалам үштен немесе үштің қосындылары мен еселенуінен жаратылған, яғни ғалам күн, ай, жұлдыздан жаратылған, бұлар үнемі өзгеріссіз бір қалпында тұра береді де адамдарға мәңгілік серік болады деп қараған да үш санына ерекше мән берген. Сонымен ежелгі қытайдың астрономия ілімінде немесе заң-ережелерінде болсын барлығында үшті негіз еткен. Яғни атап айтар болсақ қытайдың ата-бабалар тарихы кезінде үш патшалық

ретінде қаланған, осы негізде қытайда «Үш патшалық қисасы» атты тарихи классикалық әдеби туынды жазылған. Осы сияқты ежелгі қытайда хандық мансап та, әскери мансап та үш дәрежеге бөлінген, ежелгі қытайларда негізгі дәстүрлі мерекеде үшеу болған (Дуан у, Жоң чию, Жаңа жыл мерекелері). Сондай-ақ нәзір-шырақтарда сойылатын мал түрі де үшеу ғана яғни сиыр, қой және шошқа болған. Осы себепті қытай тілінде үшке қатысты жағымды мағынадағы сөздер мен сөз тіркестері молынан кездеседі. Мысалы: «San sheng you xin», сөзбе-сөз аудармасы: Үш дүниедеде бағы жану яғни мағынасы әрқашан бағы жану; «San yang kai tai», сөзбе-сөз аудармасы: Үш күннің ашылуы, ал беретін мағынасы қуанышты бастама, жылдың көңілді басталуы дегенді білдіреді. **(Қытай тілі тұрақты тіркестер сөздігі. Сычуан. 1998. 6436.)**

#### 4. «Төрт» саны

Екінші еселенген саны ретінде төрт саны да қытай мәдениетіндегі жағымды сандардың бірі есептеледі. Мысалы, қытайдың тарихтағы төрт үлкен тапқырлығы (Компас, қағаз, баспа өнері, оқ дәрісі), ежелгі философтары кейінгі ұрпаққа төрт әдеп, төрт қасиетті жазып қалдырған, сол сияқты қытайларда төрт санымен қатысты болып келетін салт-дәстүр өте көп кездеседі.

Дегенмен, қытайдың кейбір диалекттерінде қытай тіліндегі “төрт” сөзі “өлім” сөзімен бірдей дыбысталатындықтан сол өңірлерде төрт саны жамандықтың нышаны саналып, ауруханаларда төртінші нөмірлі бөлме болмайды, көшелерде төртінші маршрут болмайды, көлік нөмірлерінде ешкім төрт саны бар нөмірді алмауға тырысады, ал ғимараттарда төртінші қабат айтылмайды, ол өңірдің адамдары өзара сый-сияпат ұсынғанда сыйлық санының төрт болмауына ерекше көңіл бөледі.

Жоғардағыдай наным-сенімдер негізінде қытай тілінде төртке қатысты көптеген сөздер мен сөз тіркестері қалыптасқан.

#### 5. «Бес» саны

Қытай мәдениетінде бес санының ерекше бір жақсы немесе жағымсыз мағынасы жоқ, дегенмен жағымды мағынадағы қолданысы көбірек. Мысалы: «Wu cai bin fen» сөзбе-сөз мағынасы бес түрлі түс. аудармасы түрлі түсті; «Wu chang» сөзбе-сөз мағынасы бес қасиет яғни адамгершілік, намысты, әдептілік, парасаттылық және сенімділік дегенді білдіреді. «Wu fang» сөзбе-сөз мағынасы бес бағыт яғни шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік және орталық бес бағытты білдіреді. **(Қытай тілі тұрақты тіркестер сөздігі. Сычуан. 1998. 8156.)**

#### 6. «Алты» саны

Қытайлар сенімінде алты саны сәттіліктің нышаны, сондықтан олар телефон нөміріне, көлік немесе басқада нөмірлерде алты санының болуын ерекше қалайды, той-томалақ сияқты жақсылыққа бағышталған істерді алты санымен сәйкестіруге тырысады, яғни той күнін алтыншы айдың (маусымның) алтыншы күніне белгілеу т.б. секілді. «Алты» санына байланысты сөздер мен сөз тіркестеріннен айтар болсақ: «Liu liu da shun» сөзбе-сөз мағынасы алты сәтті іс, ал беретін мағынасы зор сәттілік, асығы алшысынан түсу; сонымен бірге қытай тілінде алты сөзінің қолданылуы кең. Айталық, қытайлар туған туыстарын алтыға жинақтап «Liu qin» яғни алты туыс деп атаған, олар: ата, ана, аға, іні, зайыбы және баласы; Сол сияқты адамның көңіл күйін білдіретін сөздерді де алты санына тұрақтаған, ол қытай тілінде «Liu qing» деп аталып, олар ұнату, ызалану, қайғыру, қуану, сүйу, жек көру деп тұжырымдаған. **(Қытай тілінің түсіндірме сөздігі. Бейжин. 2000. 8156.)** Бұл мысалдардан алты сөзінің қытай тіліндегі алар орнының ерекше маңызды екендігін көреміз.

#### 7. «Жеті» саны

Ежелгі қытай төтемдік сенім негізінде айдың бірінші күні тауық күні, екінші күні ит күні, үшінші күні қой күні, төртінші күні шошқа күні, бесінші күні сиыр күні, алтыншы күні жылқы күні, ал жетінші күні адам күні деп танылған, алдыңғы алты жануар алты бағытты қоныстанушылардың төтемдік сенімін білдіреді, яғни тауық, ит, қой, шошқа шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік тұрғындарының төтемдік сеніміне уәкілдік етсе, сиыр жеті қабат жер асты ғаламының, жылқы аспан ғаламының билеушісі ретінде қаралған, ал адам бүкіл жер үсті ғаламның билеушісі деп түсінген. Демек, жеті саны адамға уәкілдік ететіндіктен қытай мәдениетінде жеті қасиетті сан болып қалыптасқан.

Дегенмен де, жеті сөзінің дыбысталуы қытай тіліндегі “ашу, ыза” деген сөзбен ұқсас дыбысталатындықтан, кей өңірлерде жеті санын ұната бермейді. Сондай ақ, қытай дәстүріне сай өлім болғанда жетінші күнінде жетісін беретін болған.

#### 8. «Сегіз» саны

Қытай мәдениетінде сегіз саны екі мен төрттің еселенген санының теңдігі болғандықтан жағымды сандардың бірі ретінде қаралады, яғни сегіз саны «екі», «төрт» сандары сияқты жақсылық пен қуаныш жұбымен болады дейтін наным сенімнен туса керек. Сондықтанда да қытай халқы той томалақ, қуанышты күндерде сегіз санына ерекше мән береді. Мәселен, той жасағанда немесе қандайда бір қуанышқа жайылған дастарқанға қойылатын тағам түрлерін сегізден қоюға тырысады.

Бұдан сырт, қытай халқы өздерінің жақсы көрген заттарын немесе ұғымдарының бәрін сегіз санымен бірлестірген. Мысалы, аңыз әңгімелерде айтылатын періштелер “сегіз періште”, будда дінінде “сегіз қазына”, “сегіз қастерлі тағам”, үлкен кісілерге құрмет білдірудің “сегіз түрі”, будда діні мен дауизмдегі “сегіз әйгілі тау” т.б..

Қытайдың оңтүстік өңіріндегі провинциялардақытай сөзіндегі сегіз(ba) санының дыбысталуы баю (fa) сөзімен жақын келетіндіктен, сегіз санын баюдың символы ретінде түсінеді. Яғни, сегіз санымен келетін телефон нөмірлерін, көлік нөмірлерін немесе үй нөмірлерін қолданғанды ерекше ұнатады. Әр жылдың тамыз айының сегізінші күні той томалақ, қуаныштарын атап өтуге тырысады. Тіпті 1988жылы сегізінші тамыз күні төрт сегіз саны қатар келген керемет күн ретінде қытайдың кей өңірлерінде жоғары деңгейде атап өтілген. Ал, 2008жылдың 8 тамызында қытайдың неке куәлігін беру мекемелерінде неке киноға өтініш берушілердің саны есепсіз болған.

#### 9. «Тоғыз» саны

Тоғыз саны да қытай мәдениетінде жағымды мән алатын сандардың бірі. Жинақтық тақ сандардың ең үлкені болғандықтан, оның үстіне қытай сөзіндегі мәңгілік сөзімен дыбыстас болып келетіндіктен тоғыз қытай халқының, әсіресе қытай императорларының ерекше жақсы көретін саны болған.

Қытайдың тарихынан сыр шертетін «Тарихнама» кітабында ертеде император Шия қытай еліне үстемдік жүргізіп тұрған кезінде қытай территориясын тоғыз районға бөліп басқарып, қытайды “jiu zhou” (тоғыз өлке)деп атаған, мұның балама мағынасы “патшаның үстемдігі мәңгілік болсын” дегенді білдірген. Сонымен қатар, ежелгі қытай патшаларының жарлық жариялау кезінде киетін киімдері тоғыз түрлі болатын болған. Сарайларының есігі тоғыз, тақтарының биіктігіде тоғыз сүйем немесе тоғыз қарыс есептеліп жасалған, тіпті патша сарайының баспалдағы да тоғыз болған. Бейжиндегі «Гугуң» патша сарайы тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз бөлмеден жасақталған. Осының барлығы патшалардың өз билігінің мәңгі жалғасуын армандауынан туған.

#### 10. «Он» Саны

Қытай халқында адамның төрт түлігі сай, жұмысы да көңілден шығатын болса “ Shi quan shi mei”( сөзбе сөз аудармасы: оны да түгел, әрі әдемі) деген идиома арқылы бейнелейді , мұндағы“ Shi” сөзі «он» деген мағынада. Осыдан ақ қытай халқының он

санында жағымды сан ретінде қабылдайтынын білу қиын емес. Сондай ақ, он деген сөз қытай нанымды молшылықтың, қанағаттың баламасы ретінде қабылданған, сондықтан болар қытай тілінде он сөзімен келетін жағымды мағына беретін сөздер мен тұрақты сөз тіркестері, мақал мәтелдер молынан кездеседі. Мәселен, «Shi cheng» сөзбе-сөз аудармасы он бөлік, яғни істің толық сәтімен біткенін білдірген. Сол сияқты «Shi qin jiu di» (**Чан Жин иү. Қытай тілінің лексикасы және мәдениеті. Бейжин, 2009. 193б.**) сөзбе-сөз аудармасы он туыс тоғыз жау, берер мағынасы туыс туғаны көп, өсіп өнген әулетті сипаттайды.

Қорыта келгенде, сандар жүйесі қытай мәдениетінде атап айтар болсақ оның аңыз әңгімелерінде, салт дәстүрлерінде, наным сенімдерінде айқын көрініс тапқан. Бұл құбылыс қытай тілінде әсіресе оның тұрақты сөз тіркестерінде ерекше көзге түседі. Үңіле қарап, зерделей түсер болсақ, бұлардың бәрі жай ғана сандар емес екені онда қытай халқының дүниетанымынан туындаған рухани қазынасы сақталғанын байқаймыз, осы арқылы біз олардың ежелгі дүние танымы, тарихы, салт-дәстүрі т.б. жағынан мол мағлұматқа ие боламыз. Ал, қандайда бір тілді игергенде, ондағы тілдік құбылыстардың лингвомәдени сипатын толық түсініп игерудің маңызды екені баршаға аян.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Chang Jin yu. Kytai tilining leksikasy zhane madeniyeti. Beijing, 2009. 192б.
- 2 Kytai tili idiomdar sozdigi. Sychuan. 1998. 643б.
- 3 Kytai tili idiomdar sozdigi. Sychuan. 1998. 815б.
- 4 Kytai tilining tusindirme sozdigi. Beijing. 2000. 815б.
- 5 Chang Jin yu. Kytai tilining leksikasy zhane madeniyeti. Beijing, 2009. 193б.

ӘОЖ 81'253

**Махашова С.Е.**

*Магистрант, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері  
Университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: [sima\\_92.92@mail.ru](mailto:sima_92.92@mail.ru)*

#### **АУЫЗША АУДАРМАДАҒЫ САЯСИ ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Abstract:** In this article, senior students introduced to the concept of political discourse, in order to determine the characteristics of cognitive problems. There will be determined the requirements of education and training of students for political discourse. The formation of a political discourse as matters of interpreters' cognitive functions in the interpretation will be studied, as well as will be disclosed the values and features of political discourse. Decoding political discourse and its objectives. Making analysis of the translation of the political discourse on the basis of the text of Nursultan Nazarbayev's speech

**Keywords:** oral translation, discourse, political discourse, simultaneous translation

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің мақсаты біліктілік дәрежесі жоғары, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындап шығару болып табылады. Әлеуметтік талапқа сәйкес